



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

4. Семейный кодекс Российской Федерации // Доступ из справочно-правовой системы «КонсультантПлюс»
5. Бошко В.И. Очерки советского семейного права/перераб. и доп. д. ю. н., проф. В.А. Рясенцевым. Киев: Госполитиздат УСССР, 1952, с. 88.
6. Загоровский А.И. Курс семейного права. М: Зерцало, 2003. С.1.
7. Паршукова К.Ю. Общая характеристика отношений, порождаемых усыновлением, их правовая природа // Семейное и жилищное право. 2008. № 2. С.14-17.
8. Садеева Г.М. Правовая природа усыновления (удочерения) в теории и законодательстве Российской Федерации // Вестник ТвГУ. Серия «Право» 2014. №1. С. 240-247.

УДК349.6

ҚАЗІРГІ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ НОРМАЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Қинаш Гүлім Қайратқызы

la_flor94@mail.ru

2-курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.А. Жусипова

Қазақстан Республикасы – табиғи ресурстармен қамтамасыз етілген әлемдегі ең бай мемлекеттердің біріне жатады. Алайда, біздің еліміздің табиғи ресурстары соншама бай екендігіне қарамастан, оған үнемділікпен қарау қажеттігін талап етеді, Әрине қоғамның қазіргі дамуы табиғи ресурстарды шаруашылық және өзгеде қызметтерін жүзеге асыру мұқтаждықтарына белсенді түрде пайданылуға мүмкіндік алады.

Қоршаған орта мен дамыту бойынша 1992 жылғы Рио-де-Жанейролық декларацияның принципін есекере отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Конференциясында келісілген принциптер мен міндеттемелер, атап айтқанда ХХІ ғасырға күн тәртібіндегі ережелерін ескере отырып жүзеге асыруды міндеттеді.

Бұл процесс нарықтық қатынастарда одан әрі дами түскен сайын күрделене беретіні анық. Сондықтан да ғалымдар мен бүкіл қоғамның табиғи ресурстарды пайдалану қажеттілігімен адам үшін қажетті қоршаған табиғи ортаны қорғаудың қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықтарға байланысты туындаған мәселелерге дабыл қағуы өте орынды болып табылады.

2012 жылдың 22 шілдесінде Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында қалыпты даму бойынша «Рио+20» Конференциясында Дүние жүзі мемлекеттері мен үкіметтерінің басшылары әр елдің мүдделері мен ерекшеліктеріне қарай «жасыл экономика» ұлттық стратегияларын дамыту қажеттігін мақұлдады, оның ішінде Қазақстан «жасыл экономикаға көшу» халықаралық көшудің тәжірибе жүзіндегі құралы ретінде табылады [1].

Сонымен Мемлекетімізде қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, биологиялық әртүрлілікті сақтау, экономика салаларын және қоршаған ортаны сумен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету жөнінде жағдай жасауды міндеттеп қойды.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру және елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу мақсатында терең жүйелі жаңартулар үшін негіз қалайды [2].

Осыған байланысты өте зор маңызды міндет туындайды: табиғи ресурстарды аса үлкен мөлшерде шаруашылық мақсатқа пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін теріс

зардаптары мен залалдарын жеңілдету, барынша азайту және табиғи байлықтарды молайту жөнінде қамқорлық жасау қажет болады, яғни қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу, демек экономиканың ұзақ мерзімді кезеңді әртараптандыру мақсатында индустриялық-инновациялық игілігін пайдалану арқылы шикізатқа тәуелділіктен кетудің баламасыз бағытын таңдады.

Табиғатты үнемді түрде ұтымды пайдалану және оны қорғау шаралары, оның ресурстарын пайдалану кезінде ондағы тепе-теңдікті белсенді түрде сақтау яғни, ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру.

Қоршаған табиғи ортаны жақсарту, ал бұл талаптар бұзылған жағдайда оны қалпына келтіру жөнінде пәрменді шараларды жүзеге асыру қажеттігін тудырып отыр. Атмосфералық ауаның ластануы халық денсаулығына кері әсер ететін қоршаған ортаға әсер етудің негізгі факторларының бірі. Атмосфералық ауаға ең көп кері әсерді жылу-энергетика және мұнай-газ секторының, кен өндіру және кенді қайта өңдеу саласының, қара және түсті металлургия кәсіпорындары тигізеді. Мысалы, Атырау облысы бойынша, Атмосфераға ластаушы заттар шығарындылардың көлемі 2014 жылы 172,598 мың/тонна құрады (оның ішінде тұрақты ластаушы көздерден 160,598 мың/тонна, жылжымалы көздерден 12,0 мың/тонна), бұл 2013 жылдың 12 айымен салыстырғанда 24,27 мың/тоннаға артық (тұрақты ластаушы көздерден 136,326 мың/тонна, жылжымалы көздерден 12,0 мың/тонна). Облыста ең ірі атмосфералық ауаны ластаушы кәсіпорындар: «Теңізшевройл» ЖШС, Норт Каспиан Оперейтинг Компании Б.В. (Аджип ҚКО), Атырау МГБ, Интергазорталықазия АҚ, «ҚазТрансОйл» Атырау мұнай басқармасы, «ҚазТрансОйл» Құлсары мұнай басқармасы, «Ембімұнайгаз» ӨФ» АҚ, «АМӨЗ» ЖШС[3]<http://atyrau.gov.kz/is/read/4912.html>

Заң нормаларында берілген анықтамаға сәйкес, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар – қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық техникалық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені болып табылады.

Алайда оның барлығы табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс-қимылына әсерін тигізе отырып, табиғатты қорғау және оның байлығын тиімді пайдалану мәселесін шешуді қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер жүйесі болып табылады, оны жүзеге асыру үшін әртүрлі құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық, ғылыми инновациялық және мемлекеттік, ұйымдық, халықаралық, қоғамдық шаралар көзделінуі қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Инфрақұрылымды жаңғырту және қоршаған ортаны қорғау міндеттері ескеріле отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саясатын қалыптастыру есебінен елдің табиғи ресурстарын, әсіресе, су ресурстарын пайдалану тиімділігі өсетіндігін атап өтті [4].

Табиғат пайдалану құқығы азаматтар мен халықшаруашылығының мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды пайдаланудың заңмен белгіленген тәртібі ретінде айқындалған болса, ал экология пайдалану құқығын экология пайдаланушылардың меншіктік құқық қатынастары арқылы экологиялық өзара байланысты ескере отырып, табиғи объектілердің жағдайы мен түріне байланысты заңды құқықтарын реттейтін экологиялық құқықтық институты ретінде айқындалады [5].

Қазақстандық ғалымдардың пікіріне келесі отырып, табиғатты пайдалану құқығы дегенміз бұл экологиялық құқық институты ретінде, табиғи ресурстарды пайдалануды реттейтін ережелер жүйесі болып табылады, табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты туындайтын құқықтары мен міндеттерін жиынтығы болып табылады.

Нақты мақсаттар үшін табиғи ресурстарды және объектілерді пайдалану құқығы табиғи ресурс құқығына тұтастай жататындығы туралы айтып отырмыз. Табиғатты пайдалану құқығының әртүрлі жіктеудің критериясына байланысты негізі ретінде қарастырылады.

Экологиялық құқық ғылымының ең көп таралғаны рұқсат етілген құжаттардың талабына байланысты келесідей табиғатты пайдалану құқығы жіктеледі: жалпы және арнайы құқығы.

Мысалы, азаматтардың жеке пайдалану үшін орманда саңырауқұлақ жинау жалпы табиғаты пайдалануға құқығы болып табылады, және ол кез келген рұқсат құжаттарды талап етпейді, бірақ ғимарат салу үшін жер телімін пайдалану қазірдің өзінде жер учаскесі ретінде ғимаратты құрылысты салу үшін де рұқсат құжаттарды алуды талап етеді.

Табиғи ресурстарды және табиғи объектілерді пайдалануға байланысты, табиғат пайдалану құқығын жіктеудің тағы бір түрі қалыптасқан: жер пайдалану, орман шаруашылығы, жер қойнауын пайдалану, су пайдалану т.б.

ҚР Су кодексінің 112-бабына сәйкес, су объектілерін зиянды қауіпті химиялық және уытты заттармен және олардың қоспаларымен табиғи және техногендік ластанудан, жылу, бактериялық, радиациялық және басқа ластанудан; қатты, ерімейтін заттармен, өндірістік, тұрмыстық және өзге де тектегі қалдықтармен қоқыстанудан; сарқылудан қорғалуға тиіс көзделінген [6].

ҚРЖК 140 бабына сәйкес, Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар: 1) жерді құнарсызданудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, тапталудан, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанудан, басқа да бүліну процестерінен қорғауға;

2) ауыл шаруашылығы жерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырудан, арамшөп, бұта мен шілік басып кетуден, жердің жай-күйі нашарлауының өзге де түрлерінен қорғауға;

3) бүлінген жерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру мен оны шаруашылық айналымына уақтылы тартуға;

4) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, сақтауға және пайдалануға бағытталған іс-шаралар жүргізуге міндетті [7].

ҚР Орман кодексі 19-бабына сәйкес, Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау барлық жеке және заңды тұлғалардың орман қорын пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртібін, орман шаруашылығын жүргізу, оның ішінде ормандарды күзету, қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, олардың есебін жүргізу ережелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орман заңдарында, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарында көзделген өзге де ережелер мен нормаларды сақтауы мақсатында жүзеге асырылады.

2. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері, өзге мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

3. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау тексерулер және байқаулар арқылы жүзеге асырылады [8].

Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады [9].

Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Заңының 116-бабында Жер қойнауын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың міндеттері жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауының ластануын болғызбау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту бөлігінде

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуына бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ жер қойнауын заңсыз пайдалануды анықтау және оның жолын кесу болып табылатындығы көзделінген.

Бұл заңның 107-бабы: Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жүйелерін қарастырады:

- 1) халықтың денсаулығын және өмірін қорғауға;
- 2) жер қойнауының ресурстарын ұтымды әрі кешенді пайдалануға;
- 3) табиғи ландшафтарды сақтауға және бүлінген жерлерді, өзге де геоморфологиялық құрылымдарды қалпына келтіруге;
- 4) жер сілкінуді, көшкінді, су астында қалуды, топырақтың шөгуін болдырмау мақсатында жер қойнауының үстіңгі бөліктерінің энергетикалық жай-күйін сақтауға;
- 5) су объектілерінің табиғи жағдайын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық жүйелер [10].

ЕҚТА заңының 29-бабында Қоршаған ортаға зиянды әсерлердің алдын алу және оларды жою мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда күзету және қорғау көрніс тапқан.

Күзету: ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылықтың жолын кесу мақсатында аумақты қарауылдауды, оның ішінде жер және әуе көлігін қолданып қарауылдауды; өрттердің алдын алуды, оларды байқауды және сөндіруді; суды ластанудан, былғанудан және сарқылудан күзетуді қамтиды.

Қорғау: судың зиянды әсерінің алдын алуды және жоюды; өсімдіктерді қорғауды, зиянды жәндіктер мен орман аурулары ошақтарын дер кезінде анықтауды және оларға қарсы күресуді, санитарлық және басқа мақсаттарда ағаш кесуді (жолдар салуға байланысты орман жолдарын тарту, өртке қарсы жыралар қазу кезінде орманды тазарту); індеттер мен эпизоотиялардың алдын алу мақсатында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен ветеринариялық мониторингті қамтамасыз етуді, жануарлар санын реттеуді; жерді эрозиядан қорғауды қамтиды [11].

Өрттердің алдын алу, оларды байқау және сөндіру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидалары талаптарына сәйкес жүргізіледі [12].

Қорғау ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету режимінің түрлерін ескере отырып, ғылыми ұйымдардың ұсыныстары негізінде және қарауында осы аумақтар бар орталық атқарушы органдардың рұқсаты бойынша жүргізіледі.

Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауасының гигиеналық нормативтерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 168 бұйрығымен бекітілген Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, гигиеналық нормативтерді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган және Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті [13].

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 593 Заңы 13-бабына сәйкес мынандай жануарлар дүниесін қорғаудың түрлерін бекітіп берді [14].

Өсімдіктерді қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі N 331 Заңы өсімдіктерді зиянкестерден, арамшөптерден және өсімдіктер ауруларынан қорғау саласындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды және егін өнімін, оның сапасын сақтау мен Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру кезінде адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерді болғызбауға бағытталған [15].

Қазіргі құқық жүйесінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану туралы нормалардың алатын орнына сипаттама бере отырып, біз Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған

халықаралық шарттының негізгі принциптеріне негізделі отырып, Қазақстан Республикасы орнықты дамуының Қазақстан Республикасының өз табиғи ресурстарын өндіруге құқықтарын қамтамасыз ету мен іске асыру және табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету мәселелерінде жоғарыда көзделінген нормативтік-құқықтық актілер ұлттық мүдделерді қорғауды жүзеге асыруға негізделетінін айқындадық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 2012 жылдың 22 шілдесінде Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында қалыпты даму бойынша «Рио+20» Конференциясы.//<http://kz.energo.gov.kz/>
2. Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.// <http://adilet.zan.kz>
3. 2015 жылғы Атырау облысының қоршаған ортаны қорғау бойынша есебі. <http://atyrau.gov.kz/is/read/4912.html>
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы.// <http://adilet.zan.kz>
5. Күлтеелев С.Т., Рахметов Е.Ш. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы:жалпы және Ерекше бөлімі. Оқулық.-Алматы:-2008.-328.-296
6. Қазақстан Республикасының Су Кодексі.// <http://adilet.zan.kz>
7. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі.// <http://adilet.zan.kz>
8. Қазақстан Республикасының Орман Кодексі.// <http://adilet.zan.kz>
9. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі.// <http://adilet.zan.kz/kaz>
10. Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz>
11. Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Заңы.// <http://adilet.zan.kz>
12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысы.// <http://adilet.zan.kz>
13. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 168 бұйрығы.// <http://adilet.zan.kz>
14. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңы.// <http://adilet.zan.kz>
15. Өсімдіктерді қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңы.// <http://adilet.zan.kz>

УДК 347.78

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПОНЯТИЯ ИСКЛЮЧИТЕЛЬНОГО ПРАВА В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қожахметова Даяна Серікқызы

dayana_kozhahmetova@mail.ru

студентка 2-го курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,

Астана, Казахстан

Научный руководитель – Б.Т.Адышев

Казахстанское законодательство в сфере права интеллектуальной собственности находится в состоянии постоянного совершенствования. Оно требует активной нормотворческой деятельности для эффективного использования объектов интеллектуальной собственности. В соответствии со статьей 125 ГК РК термин «интеллектуальная собственность» характеризуется как правомочие, неразрывно связанное